

Шымкент кондитер фабрикасын жеке жоба бойынша жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 13 қаңтардағы N 63

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру, сондай-ақ Шымкент кондитер фабрикасын шетелдік инвесторлардың қатысуымен жеке жоба бойынша жекешелендіру үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Шымкент кондитер фабрикасы үшін инвесторлар таңдау мақсатымен Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1993 жылғы 9 қыркүйектегі N 388 өкіміне сәйкес конкурс өткізудің тәртібі мен шарттарын реттейтін жекешелендіру комиссиясы әзірлеген құжаттар негізінен мақұлданды.

Конкурстың негізгі шарттары мыналар болып табылады:

- Шымкент кондитер фабрикасын акционерлік қоғам етіп қайта құру;
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің бастапқыда инвесторға фабрика акцияларының 49 процентін сатуын жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің фабрика акцияларының жалпы мөлшерінің 10 процентін құрайтын атаулы артықшылықты тегін акциялар шығарып, оны фабриканың бұрынғы және қазіргі қызметкерлеріне беруін қамтамасыз ету;
- акциялардың бастапқы 49 проценті сатылған күннен бастап бес жыл бойы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің фабриканың "алтын акциясын" өзінде сақтауы;
- акциялардың бастапқы 49 процентін сату-сатып алу туралы шарт жасалғаннан кейін бір жыл ішінде фабрика акцияларының қалған бөлігін сол инвесторға сату мүмкіндігі.

2. Жекешелендіруден кейін:

- фабрика дәмді тағам өнеркәсібінің өнімі үшін белгіленген рентабельділіктің шекті деңгейінен, еркін баға мен тарифтер декларациялаудан, мемлекеттік тапсырысты орындау жөніндегі міндеттемелерден сондай-ақ өнім шығару үшін сатып алынатын шикізат көлемін Қазақстан Республикасының шегіндегі шектеулерден босатылады;
- фабрикаға қазіргі кезде орналасқан жер учаскелерін шаруашылық қызметін жүзеге асыратын бүкіл кезеңге жалдау құқы беріледі деп белгіленсін.

3. Кондитер фабрикасын көлік шығыны мен делдалдық ақшаны

төлеу жөніндегі міндеттемелерден басқа қаржы және басқа да

міндеттемелерден босату үшін Шымкент кондитер фабрикасы мен "Қазақстан" сыртқыэкономикалық бірлестігі олардың арасында 1993 жылғы 28 сәуірде жасалған печенье өндіретін "Плазма" желісін жеткізуге арналған контрактіге қажетті өзгертулер енгізісін.

4. Осы Қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі